

Докторанттың өзіндік жұмысының тақырыптары мен орындау мерізмдері

№	ДӨЖ тақырыптары	Орындау формасы	ДӨЖ өткізу мерзімі (оқу апталары)
1.	В.Панненбергтің философиялық және теологиялық антропологиясы	Баяндама түрінде талдау-резолюция жасаңыз. Ғалымның еңбектерінің проблемалық бағыттарын анықтап, көрсетіңіз.	3 апта
2.	«Адам бостандығы мен Құдайдың еркі арасындағы байланыс діни-философиялық антропология мәселесі ретінде».	Дінтанулық салыстырмалы талдау жасаңыз	5 апта
3.	Әлемнің діни дәстүрлеріндегі «жан» ұғымы - «жан» ұғымы және оның тілдік бейнесі - шығыстық діни сенім бойынша «жан» ұғымы; - әлемнің батыстық діни суретіндегі «жан» ұғымы.	Эссе.Тақырыпта қазіргі діни философия өкілдерінің еңбектерін сараптау арқылы жазу.	8 апта
4.	«Христиан және мұсылман рухани дәстүрлеріндегі адам туралы мәселелер».	Реферат. Адам өмірінің мәні, өлімі, мәңгілігін екі дін сұқбатында салыстыру.	11 апта
5.	«Қазіргі исламдық діни антропологиядағы кемелденген адам ретіндегі тұлғаның қалыптасуы».	Эссе. Қазіргі ислам философиясының өкілдерінің еңбектерін талдап, ондағы адамға және қоғамға әсер ететін ойларды көрсету және қазіргі діни санадағы өзгерістерді, діни дәстүрлердегі сенім мен ғибадат ерекшеліктерін қарастыру керек.	13 апта

ДӨЖ – оқытушының тапсырмасы бойынша аудиториядан тыс уақытта (аудиторияда) орындалатын докторанттың жоспарланған оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-

зерттеу жұмыстары. Өзіндік жұмыс оқу сабақтарының бір түрін құрайды. Сондықтан шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде өзіндік жұмыстың рөлі сапалық оқу үрдісін көтеру жолында өте жоғары болып табылады.

ДӨЖ мақсаты – болашақ мамандық бойынша іргелі білімді, кәсіби шеберлікті және дағдыларды, шығармашылық, зерттеу тәжірибесін игеру, дербестікті, жауапкершілікті және ұйымшылдықты, оқу және кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамыту.

ДӨЖ міндеттері:

- докторанттың алған теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерін жүйелеу және бекіту;

- теориялық дайындықты тереңдету және кеңейту;

- нормативтік, құқықтық, анықтамалық құжаттарды және арнайы әдебиеттерді қолдана білуді қалыптастыру;

- магистранттың танымдық қабілеттері мен белсенділігін дамыту: шығармашылық, дербестік, жауапкершілік және ұйымдастырушылық;

- ойлау дербестігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;

- зерттеу дағдыларын дамыту;

- тәжірибелік сабақтарда, курстық және бітіру біліктілік жұмыстарын жазу кезінде, қорытынды сынақтар мен емтихандарға тиімді дайындалу үшін өзіндік сабақтар барысында жиналған және алынған материалдарды қолдану.

ДӨЖ-ден күтілетін нәтижелер:

• болашақ маманның білімін меңгеру, кәсіби біліктерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру;

• теориялық материалды практикалық жолмен бекіту;

• өзін-өзі дамытуда тәрбиенің де қажеттілігі;

• тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеттерін барынша дамыту;

• ғылыми-зерттеу жұмысына ынталандыру және білім беру процесінің сапасын және қарқындылығын арттыру;

• таңдаған мамандығына қызығушылықты қалыптастыру және оның ерекшеліктерін меңгеру;

• өз ұстанымын, теориясын, моделін қалыптастыру үшін, кез-келген жағдайға анализ жасау және дұрыс шешім қабылдау үшін алған білімі мен тәжірибелік дағдыларды қолдану.

ДӨЖ әр оқу пәні бойынша ДӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Тапсырмалары оқу жоспары бойынша анықталады.

Докторанттың өзіндік жұмысының әдіс-тәсілдері

Ғылыми әдебиеттермен жұмыс

Кітаппен жұмыс істеу кезінде әдебиетті таңдап, оны дұрыс оқып, жазба жүргізуді үйрену қажет. Кітапханада әдебиеттерді таңдау үшін алфавиттік және жүйелі каталогтар қолданылады. Кітаппен жұмыс істеудің тиімді дағдылары уақытты үнемдеуге және өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін есте сақтау керек.

Қандай оқулықтарды таңдау керектігін дәріскер ұсынады. Қажетті әдебиеттер осы курс бойынша әдістемелік нұсқауларда да көрсетілуі мүмкін.

Оқулықтармен және кітаптармен өз бетінше жұмыс істеу (сонымен қатар дәрістерде көтерілген мәселелерді өз бетінше теориялық зерттеу) – танымның ғылыми тәсілін қалыптастырудың маңызды шарты.

Әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілдері:

- танысу керек әдебиеттердің тізімін құру және ол туралы оқытушымен ақылдасу;
- тізім жүйеленген болуы қажет (қайсысы семинарға, қайсысы емтиханға, қайсысы курстық, дипломдық жұмыстарға т.б. қажет екендігін анықтап алу);
- қандай кітаптарды мұқият оқып, ал қандай кітаптарды тек қарап шығу керек екенін анықтау керек;
- оқыған кітаптардағы маңызды ақпараттарды конспектілеу т.б.

Реферат жазу

Бұл магистранттың өзіндік жұмысының басқа түрлеріне қарағанда көлемді, аудиториялық сабақтарда оқылатын негізгі тақырыпты толықтыратын және дамытатын ақпаратты қамтитын жұмыс болып табылады.

"Реферат" сөзі (латын тілінен – *referre* – баяндау, хабарлау) ақпаратты сыни шолу негізінде қандай да бір мәселенің немесе тақырыптың мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде қысқаша баяндауды білдіреді. Рефератты дайындау барысында мына ережелер басшылыққа алынуы тиіс:

- реферат идеясы мен міндетін анықтау;
- тақырыпты немесе мәселені анық және нақты тұжырымдау. Ол тым жалпылама болмауы керек;
- таңдалған тақырып бойынша қажетті әдебиеттерді табу. Міндетті түрде оқылуы тиіс әдебиеттер тізімін құру;
- рефератты кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі деп бөлімдерге бөлу қажет.

Рефераттарды жазудың мақсаты: студенттердің әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оларды талдау және сараптай алуы.

Эссе жазу

Эссенің тақырыбы пәнді оқыту саласының заманауи мәселелерін қозғаушы, өзекті тақырып болуы тиіс. Студент мәселенің мәнін ашып, өзге көзқарастарды көрсетіп қана қоймай, оған өз көзқарасын да білдіруі керек. Жұмыстың бұл түрі студенттен өз ойын жазбаша түрде, сондай-ақ логикалық пайымдаулар арқылы анық білдіруді, өз көзқарасын анық білдіруді талап етеді. Студенттің міндеттері:

- тапсырманы мұқият оқып, тақырыптың өзектілігін ғана емес, мазмұны бойынша ерекше және қызықты жақтарын көрсету;
- тақырып бойынша ақпарат көздерін таңдау және зерттеу;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді бөлу;
- эссенің жоспарын құру;
- мәселенің мазмұнын және оны шешу жолдарын қысқа, бірақ толық ашу;
- эссені белгіленген уақытта тапсыру.